

# Даналық мекені - кітапхана

Аудандық орталықтандырылған кітапханада мерейтой

Адамзаттың қолымен жасалған ұлы байлығының бірі – кітап.

Осынау баға жетпес қазынанан халыққа жеткізу жолында аудан кітапханалырының көшбасшысы болып келе жатқан аудандық орталықтандырылған модельдік кітапханаға биыл – 100 жыл.

Бүгінде рухани өміріміздің өзегі іспеттес ғылымды көпшілік оқырманға, ертеңгі ел тізгінін ұстар жас ұрпаққа насихаттауда, рухани – мәдени байлығымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кітапхана болса, сол байлықты өз оқырманына таныстырып, табыстырушы өзіндік тұлға, ол – кітапханашы.

24-ші қазан күні еліміздегі барлық кітапханшылар кәсіби мерекелерін тойласа, аудандық кітапхана қызметшілері қос мерекені атап өтуде.

Мерекелік іс-шараға аудан әкімі Ғабит Бекбаев қатысып, білімге ұмтылған оқырман-



Кітапхана ардагерлері кештің құрметті қонақтары

ның табылар жері – кітапхана екенін, жаңа технология заманында да, кітап адамның ой-өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала беретінін айтып, кітапхана қызметшілерін қос мерекемен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

1923 жылы өз бастауын алған аудандық кітапхана, бір ғасыр ішінде үлкен мәдени және білім беру жұмыстарын жүргізетін заманауи мекемеге айналды.

Өзінің өнегелі ғұмырында кітапханашы мамандығын адалдықпен қоса ала жүрген, кітапхана ісін дамыту мақсатында аянбай еңбек етіп келе жатқан, мекеме басшысы Шұға Меңдібаева өз әріптестеріне дән риза.

- Мен өз еңбек жолымды осы киелі мекеннен 1984

жылы бастаған болатынмын. 2015 жылы мекеме басшысы ретінде тағайындалып, бүгінде кітапхана ісінің дамуына өз үлесімізді қосудамыз. 100 жыл ішінде біздің киелі шаһарымыз көптеген жетістіктерге жетіп, талай асуларды асты. Көптеген ұлы тұлғаларымыз еңбек етіп, кітапхананың дамып, өркендеуіне өз үлестерін қосты. Осы орайда мен өз әріптестеріме, кітапхана қызметкерлеріне өз алғысымды білдіремін. Жүктелген міндет пен атқарылуы тиіс жұмыстарды жауапкершілікпен орындап, бар күш-жігерлерін салуда. Біз әлі талай биіктерді бағындырып, үлкен жетістіктерге жететінімізге сенімдімін, - деді аудандық орталықтандырылған кітапхананың басшысы



Үздік кітапханашылар марапатталды

Шұға Меңдібаева.

Шараға ауданымызға танымал тұлғалар қатысып, өз ізгі-тілектерін білдіріп, түрлі сыйлықтар табыс етілді. Кітапхана ұжымы кітапхана ісіне

демеушілік пен қатар өз көмек қолын созған Марал Алімғазы, Ерман Қиялбеков, Самал Есмағанбетова және «Виктория», «Каспий» дүкендеріне өз ризашылықтарын білдіреді.

Мерейтойлық іс-шарада аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әнмен әуелеп, домбыраның қоңыр үнімен күй тартылса, «Жұлдыз» халықтық би ансамблінің

қыздары мың бұрала би билеп жиылған жұртшылықтың көңілін көтерді.

Шара соңында кітапхана ісінің үздіктері аудан әкімінің грамотасымен марапатталып, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Ардагер кітапханашыларда ұмыт қалмай марапатталып, естелік сыйлықтар табыс етілді.

Кітап - ең асыл қазынамыз. Кітапхана сол асыл қазынамызды сақтайтын сыр сандығымыз іспеттес. Сол себепті, киелі мекенге әрдайым ат басын бұрып, асыл қазынамызды болашақ өскелең ұрпақ бойына насихаттайық.

Аудандық кітапхана ұжымын қос мерекемен құттықтаймыз!

**Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА**